

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

ШӘРІПОВА Қарлығаш Әділқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Филология және көптілді білім беру» институтының 2-курс магистранты
Алматы/Қазақстан
e-mail: adilkzykarlygash@mail.ru

Андатпа. *Мақаланың авторы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдарындағы қазақ қоғамының саяси, мәдени өміріндегі орны айрықша ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі жайында ақпаратымен бөліседі. Ахмет Байтұрсынұлы халқының өз тұсындағы рухани көсемі, өз сөзімен айтқанда «адалдықтың тұңғымын себуші» парасатты перзенті. Ол бүгінгі тұста тұтас бір институттың немесе ондаған авторлар ұжымының жұмысын бір өзі істеген еңбек иесі. Атап айтсақ Ахмет Байтұрсынұлы – сол кезеңдегі алты миллион қазаққа ұлттық жазу жасап берген реформатор, қазақ балаларының ана тілдерінде оқуына күш салған қоғам қайраткері, ұлттық мектептерде балалардың қазақ тілінде сауатын аштыратын «Әліпбилердің», әрі қарай оқытатын оқулықтардың авторы, ұлттық ғылым саласы – қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым; қазақ әдебиеттану теориясын тұңғыш ұсынушы филолог-ғалым, халқының мәдениет тарихын зерттеуші – тұңғыш мәдениеттанушы ғалым, ана тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынушы жаңашыл-педагог, осы күнгі ұлттық академиямыздың іргетасын қалап, Қазақ ғылымын ұйымдастырушылардың бірі, қазақ тілі мен әдебиетінің тұңғыш профессорларының бірі. Осы атаулардың негізгісі – қазақ сөзінің құдіретін танытқан сөз зергері, қазақ тілінің көшбастаушысы, қазақ тіл білімінің жанашыры.*

Кілт сөздер. *тілді оқыту әдістемесі, әдіскер, ғалым, ұлт жанашыры.*

Кіріспе. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (методика) ілімі – кенжелеу дамыған сала. Егемен ел болған тұста қазақ тілін оқытуды жүйелі түрде қолға алу үшін, оның даму, қалыптасу тарихына үңілу аудай қажет. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің маңызын түсіну үшін, оның алдындағы оқу ағарту ісінің жайын білген жөн.

Ахмет Байтұрсынұлына дейін бұл орайда жазылған арнайы әдістемелік еңбектер болған жоқ. Кейбір әдістемелік нұсқаулардың өзі де бұл нысанаға арналмады. Олардың да жеке жинақ, кітап болып шыққаны жоқ, тек біралуан мақалалармен шектелуге тура келді. Сол кезеңдегі «Дала уәлаяты», «Айқап» сияқты алғашқы баспа беттерінде қазақ даласындағы оқу мәселесі, мектеп мәселелері жөнінде біраз әңгімеленді де, оларда оқытудың әдістемелік қырлары бірер сөздермен ғана айтылып кетіп отырды.

Тақыр жерден ешбір ғылым соқпағы пайда болмайды. А.Байтұрсынұлының ірі де бірегей әдіскер-педагог ретінде қалыптасуына, әліппе, оқулықтар жазу әдістемесінің бастапқы ғылыми сұрлеуін салуына Ы.Алтынсарин еңбектері, одан кейінгі шыққан әліппелер, оқулықтар, өз тұсындағы орыс тілі әдістемесі, оқулық жасау тәжірибесі мол шапағатын тигізді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазір уақытта ғылымның жеке бір тармағы. Осы ғылымның бастаушысы ретінде бірінші Ахмет Байтұрсынұлы саналады. Қазақ тілін оқыту, оны үлкен деңгейге жеткізу, ол туралы алғаш ғылыми еңбек жазып, мақалалар жариялаған да – А.Байтұрсынұлы. Сол себепті А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы, негізін түзуші. Осы уақыт аралығында әдіскердің үлкен сара жолы туралы нақтылы, толыққанды еңбектер шығарылды. Дәл өзінің шеңберінде қарастырылған толыққанды еңбек бар деуге болады.

Зерттеу әдісі. Ахмет Байтұрсынұлы шеберлігі туралы алғаш сөз қозғаушылардың бірі ғалым Р.Сыздықова. 1990 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынов» атты кітабында: «А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту методикасының ірге тасын қалаушы болып саналады. Ол қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін қалаушы» (Сыздықова, 1990, 36 б.) ... сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған» (Сыздықова, 1990, 37 б.) – деп сөз қозғаған.

Кейін танымал ғалымдар Ө.Қайдаров пен Ө.Айтбайұлы «Ұлт мәдениетінің Хантәңірі» деген мақаласында А.Байтұрсынұлының тағы бір аса маңыз берген мәселесі – ол қазақ тілін оқытудың әдістері. Бұл жайында ол жиырма жылға таяу уақыт бойы дерлік талмай ізденіп, түбегейлі толғамдарын сол кезеңдегі баспасөз беттерінде үздіксіз жариялап отырған... «Баяншыны» оқысаңыз, тіл үйретудің жүйелі әдістері баяндалады дей келіп сонша өзінің алдында қазақ тілін оқытудың үлгі етерлік ешбір нұсқасы болмаған жағдайда тілді оқыту жайын осыншама терең біліктілікпен, барынша сауатты жүйелегеніне таң қалмауға болмайды. Басқа еңбектерін былай қоя тұрып, осынысының өзімен-ақ ол қазақ халқының мәдени тарихында өшпес із қалдырғаны даусыз деп жоғары бағалайды.

Талқылау. А.Байтұрсынұлын әдіскер ғалым ретінде танушылардың бірі профессор С.Кәкішов «Тіл тағылымы толғантады» атты мақаласында ағартушының әдістемелік дүниелерін саралай келіп: «Әдістеме жайында біз ғалымның кейбір ілімдерін ғана қарадық. Осыған орай әдіскердің толыққанды зерттеуге ілерліктей еңбегі бар. Оны зерттеу қазіргі жас мұғалімдер мен болашақ жастардың қолына берілетін мәселе. Оқытудағы еңбегі үшін Ахмет Байтұрсынұлының үлкен салалы еңбегі әрбірімізге үлгі» (Кәкішов, 1992, 102 б.), – деген-ді. Ахмет Байтұрсынов алдыңғы қатарлы методиканы тек оқулық жазуда ғана қолданған жоқ, жалпы қазақ тілін оқыту методикасы бойынша ғылыми негізде еңбек жазған алғашқы ғалым.

А.Байтұрсынұлының «Баяншы» атты еңбегі – бастауыш сыныптың қазақ тілін оқыту әдістемесінің алғашқы қадамы, үлгісі. Бұл кітапта дидактикалық мәселелер алғы қатарда қойылған. Оқушының ынтасына қарай алға басқызу арқылы, келешекке нақты қадам жасату мәселесі. Ғалым бұл дидактикалық қағиданы ойқазық ретінде ұстанған.соның үлгісі ретінде болашақ педагогтарға терең тәрбие бере білген. А.Байтұрсынұлының бұл пікірі 14 жыл мұғалімдік тәжірибесінің негізінде қаланған деген пікір. Оған ғалымның кішкене детальдарға үлкен сабырлықпен мән беруін дәлел ретінде келтіре аламыз.

А.Байтұрсынұлының «Баяншы» атты әдістеме еңбегі екі бөлімшден құралған. I-бөлім «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларды жазу белгілері» деп аталса, әдістеменің II-бөлімі «Дыбыспен жаттығу» деп аталады.

Кітаптың бірінші бөлімінде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбысқа қатысты мәселелеріне тоқталған. Бұл – әліппеде көрсетілген мәлімет. Дегенмен, ол кезеңде қазақ тіліне тән дыбыстық құрам ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген мәселе қатарында болды. Мұғалімдердің ол жайында білімі де жеткіліксіз болғаны мәлім. Келеңсіз жағдайларға да душар болғаны, сол кезеңдегі түсініксіз жайттардың қатарында жүргендігі тағы бар. Осы себепті әдіскер қз еңбегі арқылы мұғалімдерге толыққанды мәлімет беруді көздеген. Ол тікелей қазақ тілі әдістемесі мәселесі болғанымен, мұғалімнің оқыту объектісін анықтап коюды көздегені дұрыс деп санаған.

Ахмет Байтұрсынұлы «Баяншыда» қазақ тілінің дыбыстары, олардың топтастырылуы, яғни түрлері, негізгі ерекшеліктері туралы мұғалімге жақсы мағлұмат берген. Бұл фонетикалық мағлұмат мұғалім білімін кеңейтетіні сөзсіз. Ол білім қазақ тілінің фонетикасын оқытуда мұғалім үшін өте қажет, өйткені ондай ғылыми дерек тапшылығы ол кезде өте күшті болатын.

Бұл еңбекте қазақ тілінің дыбыстық құрамынан мағлұмавт берудің тағы бір өажеттілігі болды. Ғалым бұл еңбекте қазақ тілінің дыбыстарының жазуда таңбалануын, әр әріптің жазылу орнын, оқылу ерекшелігін айтуды мақсат еткен. Сондықтан әріптердің емлесін беру үшін де, ол әріптің қандай дыбысты белгілейтінін айту қажет болған.

Нәтижелер. Міне, сондықтанда осы еңбектің I-бөлімі осы мақсатқа сай аталған. Еңбектің II-бөлімі «Дыбыспен жаттығу» мәселесіне арналған. Ғалым: «Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені» (Байтұрсынов, 1992, 213 б.) деп санайды. Дыбыспен айналысудың негізгі қағидалары ретінде мына мәселелерді анықтайды:

- а) ең алғашқы мәселе дыбыстардың көптігі;
- ә) сол арқылы балаларға таныс дыбыс пен таныс еместерді бөлектету;
- б) сол арқылы сөзді жеткізу.

Әдіскер: «Мұны білмей тұрғанда, балаларға әріп туралы түсінік беру жеткіліксіз. Ол жайпақпен жүрмей, жармен шыққан сықылды балалардың күшіне

тиеді.(ауырлық, салмақ түседі)» (Байтұрсынов, 1992, 113 б.),- дейді. Тек балалар дыбыспен оқып жүрген уақытта ғана оларға харіптердің сүгіреттерін жаздырып үйрету керектігін айтқан. Бір буынды кейін екі буынды осылайша буын-буынды реттеу жүзеге асады. Бұл арада оқушының жас ерекшелігіне, ұғым-түсінігіне орай сұрақ қоя білген де жөн екенін әдіскер ғалым алғаш пайымдаушылардың бірі. Еңбекте сауал үлгілері де келтірілген. Бұдан бастауыш сынып шәкіртіне шұбалаңқы сұрақ қоймау, қойылған сауалдың өзі баланың ауызекі тіліне жақын болғанын қағида етудің дұрыстығы шығады. Бұдан А.Байтұрсыновтың әліппені құрастыруда әдістемелік принциптерді ескергені тағы да танылады.

Әдіскер ғалым дыбыспен жаттығу кезіндегі әдіс-тәсілдермен де мол мағлұмат, нұсқау бере білген. «Сөзді буындап бөлуді ұғып алып, мұғалім екі буынды, үш буынды алып, әуелі әр сөзді буын-буыннан бөліріп, әр буындағы дыбыстарды айыртқызып, сонан соң тұтас сөздің ішіндегі қанша һәм қандай дыбыс барлығын көрсетеді», - дейді автор. Ал балалар сөзді буындап бөле білгендіктен, сөздің әр буынындағы дыбыстарды бөлуді үйренгеннен кейін басқа мәселелерге жол ашылады. Бұл үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарынбөлек-бөлек айтып, оларды қосқызып сөз айтқызуды ұсына келіп, бұл орайда мыналарды ескеруді айтады:

1) сөз ішіндегі дыбыс атаулыны айырып үйренгенге бірнеше апта уақыт қажеттігі;

2) балаларға буынды,дыбысты толыққанды үйреніп алғаннан кейін ғана әріп үйреті керектігі.

Ұсынылған әдістеме күні бүгінге дейін еш мәнін жоймағаны былай тұрсын, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің құндылығын аңғартады. Бағдарлама жасарда, оқыту кезінде әбден ескеруге болады.

Ахмет Байтұрсынұлының мұнан арғы сабақтары әріптерді үйрету жөні мен ретін былайша жүйелейді:

1) әр жаңа әріп үшін сол әріпке негізделген сөздер арқылы айтқызып, дыбыстарын бөлек жаттатқызу;

2) Үйрететін дыбыстың әрпін кеспе әліппеден алып, тақтаға жазып көрсету;

3) Ішінде сол әріп бар сөздерді оқыту, жазғызу;

4) Жазғандағы қателерді балалардың көзінше түзету.

Ахмет Байтұрсынұлының «Баяншы» еңбегін талдай отырып, білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепте оқыту әдістемесіне ерекше көңіл аударғанын байқаймыз. Ендеше А.Байтұрсынұлы бұл бағытта алғаш пікір айтқан әдіскер ғалым.

Ғұламаның көп ой толғантаын зерттемесінің бірі – «Баулу мектеп» мақаласы. Автор бұл мақаланың алға қойған игі мақсаттың іс жүзіне аса алмай жатуының себебін оқушылардың көбі атына қанық болғанымен, затына қанық еместігіне, затына қанықтардың көбі түсіне жетік болғанымен, ісіне жетік еместігінен көреді.

Ғалым баулу мектебін «Еуропа мен Американың мәдениеті иен байлығы бойлап өсіп, аспанға таласқан, басына қырағы зейін барып салған ұясы сияқты төрдегі мектеп», - деп жоғары бағалайды. Балалардың ізденісі арқылы мектеп атаулы жоғарылайды, қалықтайды, діттеген межесіне жетеді. «Баулу» деген сөз мектеп атаулының ішкі табиғатына үйлесетін сөз. Бұл мектепте балалар «баулу» түрде негізделеді. Қазақ мектебінде бұл сөз ерекше қуатқа ие сөз. Сондықтанда ерекшелікті ашу қажет», – деп анықтайды. Үйретудің бастапқы қай түрде болсада, бастапқы түрі «баулу» түрінде болғанын ойға оралтады. Бала ерекшелікті тез үйреніп алады. Оның талғалы осы арқылы танылады. Бізге керек, нақты көзделетін дүние осы ерекшелік болу қажет. Қазіргі кезде ол жан-жақтылыққа алып барады. Сол арқылы мұғалім өседі, бала шынығады.

Ғалымның «өлі оқу», «төте оқу», «көрнекі оқу» деп отырғанының асылы оқу. Себебі, нәрсенің атымен, пернесімен ғана айналыстырып үйретеді.

Ұлы тәрбиеші-педагог баланы қалай үйреткенде ойымыздағыдай етіп шығарамыз деген күрделі мәселені көпшіліктің алдына тосады, өзі де осы жолда талай бас сындырады. «Өлі оқудың», «төте оқудың», «көрнекі оқудың» баланы оқытудағы, өмірге бейімді етудегі олқылығын, кемістігін дәлелдей отырып, «өлі оқудан» гөрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ дейді. Оқу біткен балаға күні бойы білім сыйламайды. Себебі, бала қызықпаған нәрсе оған белгілі түсінікті тудырмайды. Ал қызығып қарау нақты объектіні көрсетеді. Қысқасы, ғалымның бұл ойлары арқылы сол кезеңнің өзінде-ақ, елдегі мектеп, оқыту, тәрбиелеу проблемаларына құлақ түріп, өзіндік пікірін білдіріп отырғандығын, айналып келгенде, қазақтың ұлттық мектебінің болашағына да көз жіберетіндігін, қиялдай армандағанын байқаймыз.

А.Байтұрсынұлының «Жаңа мектеп» журналында жарияланған «Қай әдіс жақсы?» атты еңбегі қазақ тілі әдістемесіне арналған мақаланың қатарында қарастырылады. Ғалым бұл мақалада әдістің түрін көптігі, бірақ нақтысы қайсы екенін оқытушының өзі білмейтіндігі жөнінде, әдіс кез-келген орынды қабылдай алмайтындығы жайынжа сөз қозғаған.

Автор «Әр әдіс өз орнында жақсы», «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе» деген ойды іске асырып, «сауаттандыру әдісі» терминін тұңғыш ұсынады. Әдісті әдіс ететін де оқытушы. Оны орынды қолдану баланың қызығушылығына жол ашады ал ол өз кезегінде үлкен мәселені шешеді.

Әдікер ғалым А.Байтұрсынұлы тіл мәселесіне елеп-өкшеп аса жауапкершілікпен қарайды. Бұл орайда құр еліктеушілікке қарсы. Әдістің озығын алып, тозығы жеткенге қарамау дұрыстықтан емес. Бүкіл әдіс керек ететін нәрсе. Оны кемеліне жеткізуге ой керек. Ой мақсатты түрде жүзеге асу үшін әрекет керек. Автор еңбекте дыбыстық әдіс пен тұтас сөз әдісіне практикалық тұрғыдан дыбысты әдіспен үйрету жолы – ... үйренушілерге сүйеніш арба, сүйеніш шана беріп үйрету жолы іспеттес, осы себепті арбаны сырғыту арқылы жолға шығу қажет деп түйіндеген.

Оқушының мақсатты түрде алға жылжуына оқытушы әсер етеді. Ал оқытушының алға жылжуы оның жұмысына немқұрайлықпен емес, жоғары талаппен, нақты шешіммен, сабырлықпен, өз ісіне деген жауапкершілікпен келетін құррал. Баланың дамуына әсер ететін нәрсенің бәрі мұғалім қаруы саналуы қажет. Жан-жықтылықтың қаруы – заман ағымына ілесу. Керекті жерін алып, қажетсіз жерін шығарып бала санасына дән егу. Сол арқылы келешек ұрпақты толыққанды, саналы адамның санатында көру. Әдіскер ғалым еңбегі ерекше естеліктерге толы. Олай дейтін себебім, бала жанын ұғып, оны бір қоғам мүшесі ретінде көре білу – Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлы тұлғаның қолынан келген дүние.

Қорытынды. Тарихымыздың ақтаңдақ парақтарының қатарына халқы алдындағы перзенттік борышын адал орындаған қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметтерінің толымды баяндалмауын, зерде сүзгісінен тыс қалуын жатқызамыз. Бүгінгі жариялық пен жаңаша ойлау ахуалы, еліміздің егемендік алуы халқымыздың ардақты ұлдарына қатысты бар ақиқатты көп болып бірге ашылуына мүмкіндік туғызды.

XX ғасырдың алғашқы онжылдарындағы қазақ қоғамының саяси, мәдени өміріндегі орны айрықша ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы, алдымен, халқының өз тұсындағы рухани көсемі, өз сөзімен айтқанда «адалдықтың тұқымын себуші» парасатты перзенті. Ол бүгінгі тұста тұтас бір институттың немесе ондаған авторлар ұжымының жұмысын бір өзі істеген еңбек иесі. Атап айтсақ Ахмет Байтұрсынұлы – сол кезеңдегі алты миллион қазаққа ұлттық жазу жасап берген реформатор, қазақ балаларының ана тілдерінде оқуына күш салған қоғам қайраткері, ұлттық мектептерде балалардың қазақ тілінде сауатын аштыратын «Әліпбилердің», әрі қарай оқытатын оқулықтардың авторы, ұлттық ғылым саласы – қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым; қазақ әдебиеттану теориясын тұңғыш ұсынушы филолог-ғалым, халқының мәдениет тарихын зерттеуші – тұңғыш мәдениеттанушы ғалым, ана тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынушы жаңашыл-педагог, осы күнгі ұлттық академиямыздың іргетасын қалап, Қазақ ғылымын ұйымдастырушылардың бірі, қазақ тілі мен әдебиетінің тұңғыш профессорларының бірі. Осы атаулардың негізгісі – қазақ сөзінің құдіретін танытқан сөз зергері, қазақ тілінің көшбастаушысы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Байтұрсынов А. (1989). Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы – 318 б.

Байтұрсынов А. (1992). Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, – 444 б.

Байтұрсынұлы А. (2005). Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», – 352 б.

Байтұрсынов А. (2013). Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Ана тілі, – 640 б.

Имаханбет Р. (2013). Алаштың Ахметі. – Алматы: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары. – Қарағанды: «TENGRİ Ltd». – 382 б.

Имаханбетова Р., Байдебеков Қ. (2010). «Ұлағатты ұлт ұстазы». – Алматы: «Сардар» баспа үйі, – 376 б.

Кәкішев С. (1992). Ахаң туралы ақиқат. – Алматы: Қазақстан. – 109 б.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.

Нұрпейісұлы К. (1997). Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. – 3-5 б.

Сыздықова Р. (1990). Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР Білім қоғамы. – 49 б.

References:

Baitursynov A.(1989). Shyǵarmalary: óleńder, aýdarmalar, zertteýler. Almaty: Jazýshy – 318b.

Baitursynov Ahmet. (1992). Til taǵylymy. Almaty: Ana tili, - 444b.

Baitursynuly A. (2005). Bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Almaty: "Alash", -352b.

Baitursynov A.(2013). Qazaq til biliminiń máseleleri. Almaty: Ana tili, - 640b.

Imahanbet R. (2013). Alashtyń Ahmeti. – Almaty: Resp. Ǵyl.-táj. konf. Materialdary.-Qaraǵandy: "TENGRİ Ltd". – 382b.

Imahanbetova R., Baidebekov Q.(2010). "Ulaǵatty ult ustazy". – Almaty: "Sardar" baspa úii, -376b.

Kákishev S. (1992). Ahań týraly aqıqat. – Almaty: Qazaqstan. – 109 b.

Qazaqstan tarihy (kóne zamannan búginge deın). Bes tomdyq. 3-tom. — Almaty: "Atamura", 2002. - 768 b.

Nurpeisuly K.(1997). Ǵasyr basyndaǵy ulttyq intelligensia. – Almaty: Egemen Qazaqstan. – 3-5 b.

Syzdyqova R. (1990). Ahmet Baitursynov. – Almaty: Qazaq SSR Bilim qoǵamy. – 49b.

The theoretical basis of the scientific and methodological heritage of Akhmet Baitursynov

SHARIPOVA Karlygash Adilkyzy

2nd year master's student of the Institute of Philology and multilingual education
of the Abai Kazakh national pedagogical University
Almaty/Kazakhstan

Abstract. *The author of the article shares information about the methodology of Akhmet Baitursynov – the largest person who occupies a special place in the political and cultural life of the Kazakh society in the first decades of the twentieth century. Ahmet Baitursynuly is the spiritual leader of his people, a wise son who "sows the seeds of honesty". He is a co-owner who*

has worked for one institute or a dozen authors to date. In particular, Akhmet Baitursynuly is a reformer who created a national script for six million Kazakhs of that period, a public figure who made efforts to teach Kazakh children in their native languages, the author of "alphabets", textbooks for teaching children the Kazakh language in national schools, a linguist who laid the foundation of the national science-Kazakh linguistics; the first scientist-philologist, representing the theory of Kazakh literary studies, the first scientist-culturologist, researcher of the history of the culture of the people, teacher-innovator, presenting the methodology of teaching the native language in a new way, one of the organizers of Kazakh science, one of the first professors of the Kazakh language and literature, who laid the foundation of our national Academy today. The main of these names is the art critic of the Kazakh word, the art critic of the Kazakh language.

Keywords: *methodology of language teaching, methodologist, scientist, nationalist.*

Теоретическая основа научно-методического наследия Ахмета Байтурсынова

ШАРИПОВА Карлыгаш Адиловна

Магистрант 2 курса Института филологии и полиязычного образования
Казахского национального педагогического университета имени Абая
Алматы/Казахстан

Аннотация. *Автор статьи делится информацией о методологии Ахмета Байтурсынова – известного просветителя, занимающего особое место в политической, культурной жизни казахского общества в первые десятилетия XX века. Ахмет Байтурсынов – духовный лидер своего народа, мудрый сын, "сеющий семена честности", реформатор, создавший национальную письменность для шести миллионов казахов того периода, общественный деятель, который приложил усилия для обучения казахских детей на родном языке, автор алфавита, учебников для обучения детей казахскому языку в национальных школах, ученый-лингвист, заложивший фундамент национальной науки – казахского языкознания; первый ученый-филолог, представивший теорию казахского литературоведения, ученый-культуролог, исследователь истории культуры народа, педагог-новатор, по-новому представляющий методику преподавания родного языка, один из организаторов казахстанской науки, один из первых профессоров казахского языка и литературы, заложивший фундамент национальной академии.*

Ключевые слова. *методика преподавания языка, методист, ученый, националист.*